Мемлекеттік қызметшінің әдебі – қоғам сенімінің негізі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – ҚОҒАМ СЕНІМІНІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ТІРЕГІ. АЛ СОЛ СЕНІМНІҢ ӨЗЕГІ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ КӘСІБИ МӘДЕНИЕТІ МЕН ӘДЕП НОРМАЛАРЫН САҚТАУЫ. ЗАҢ ТАЛАПТАРЫН ОРЫНДАУ – МІНДЕТ, АЛ ӘДЕПТІ САҚТАУ – ЖАУАПКЕРШІЛІК. ОСЫ ЕКІ ҰҒЫМ ТОҒЫСҚАНДА ҒАНА ТИІМДІ ӘРІ БЕДЕЛДІ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ ҚАЛЫПТАСАДЫ.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы мен Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық стандарттарын нақты белгілейді. Бұл талаптар қызметтік тәртіпті ғана емес, азаматтармен, әріптестермен және қоғаммен өзара іс-қимыл мәдениетін қамтиды. Заңдылықты сақтау, бейтараптық таныту, ашықтық қағидатын ұстану, қызметтік өкілеттікті жеке мүддеге пайдаланбау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы нөлдік төзімділік – мемлекеттік қызметшінің кәсіби келбетінің негізі.

Әдеп нормалары формальды талап емес. Олар – мемлекеттік басқару сапасын арттыру құралы. Азамат мемлекеттік органға жүгінген сәттен бастап, ол мемлекеттің қызмет көрсету деңгейін бағалайды. Сыпайылық, дәлдік, уақтылы жауап беру, объективті шешім қабылдау – сенімді нығайтатын нақты әрекеттер. Керісінше, немқұрайлылық пен өкілеттікті асыра пайдалану мемлекеттік беделге тікелей нұқсан келтіреді. Осы тұрғыда алдын алу және түсіндіру жұмыстарының маңызы зор. Мемлекеттік органдарда әдеп нормаларын жүйелі түрде түсіндіру, семинарлар мен оқыту іс-шараларын өткізу қызметкерлердің құқықтық мәдениетін арттырады. Әдеп жөніндегі уәкіл институты – осы бағыттағы маңызды тетік. Ол кеңес беру, түсіндіру және профилактикалық жұмыстар жүргізу арқылы ұжымдағы этикалық ахуалды нығайтады. Мемлекеттік қызметші тек қызметтік кабинетте емес, қоғам алдында да жауапты тұлға. Қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлқы да мемлекеттік қызмет беделіне әсер етеді. Сондықтан әдеп нормаларын сақтау – кәсіби талап қана емес, азаматтық ұстаным.

Мемлекеттік қызметтің сапасы нормативтік құжаттардың көлемімен емес, сол нормаларды адал әрі әділ іске асыратын қызметшілердің ішкі мәдениетімен өлшенеді. Әдеп – тәртіптің қосымшасы емес, оның өзегі. Қоғам сенімі – кездейсоқ құбылыс емес, жүйелі әрі жауапты еңбектің нәтижесі.

Мейрамгүл ОРАЗҒАЛИЕВА,
Атырау облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының бас маманы

«Карат» ЖШС жобадағы қоғамдық пікірталастар арқылы жалпы тыңдаулар өткізеді: «Атырау облысы, Атырау қаласының жерінде Қашаған-3 кен орнының сазды жыныстарын өндіру жөніндегі операцияларды жоюдың жоспары және зардаптарын жоюдың болжамды құнының есебі» қоршаған ортаны қорғау бөлімі.

Жергілікті атқарушы орган: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Экологиялық реттеу бөлімі, басшысы, тел.: 8 (7122) 32-55-09. ҚОҚ бөлімі бойынша ескертулер мен ұсыныстар: atr.priroda@atyrau.gov.kz электрондық мекенжайға қабылданады.

Жобалық құжаттамамен https://hearings.ndbecology.gov.kz/Disscusion/DisHearings/ Бірыңғай экологиялық порталында және «Атырау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО https:// https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru сайтында танысуға болады.

Жария талқылаулар 06.03.2026 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде Бірыңғай экологиялық портал сайтында өтеді. Барлық ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда көрсетілген мерзімде қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Тапсырыс беруші: «Карат» ЖШС, Атырау облысы, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы 48.

Орындаушы: «Казгеоизыскания» ЖШС, Атырау облысы, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы 48.

Ұсынылған қызмет туралы қосымша ақпаратты қоғамдық тыңдаулар кезінде алуға, сондай-ақ ұсынылған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін environment@nss.kz электрондық поштасы арқылы сұратуға болады.

«Каспий құбыр консорциумы» АҚ «ҚТТЖ учаскесінің құрылыс конструкцияларын, өнеркәсіптік жаңбыр суларын тазарту қондырғысын, тазартылған ағынды суларды сорғы станциясын және Исатай МАС кабельді эстакадасының тіректерін қалпына келтіру және нығайту» жұмыс жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ) бойынша көпшілік талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды. Қоғамдық талқылау 05.03.2026 ж. бастап 5 жұмыс күні аралығында өтеді. ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінде жобалық құжаттама пакетімен танысып, ескертулер мен ұсыныстар беруге болады.

Анықтама телефоны: +7 771-121-05-97.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2026 жылға арналған жылу энергиясын өндіру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифтің шекті деңгейін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Атырау облысы бойынша департаментінің 26 қарашадағы 2025 жылғы №87-НҚ бұйрығына сәйкес, «Атырау жылу электр орталығы» ЖШС-нің жылу энергиясын өндіру реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифтің шекті деңгейі бекітілді, соның ішінде:

2026 жылға – 6 284,84 теңге/Гкал (ҚҚС-сыз)

Бекітілген тариф 2026 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі және 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін әрекет етеді.

«ККҚ-К» АҚ 2026 ж. 6 наурыздан бастап (5 жұмыс күні ішінде) https://ndbecology.gov.kz «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында «Атырау» МАС СЭЖ объектілерін салу. ҚР Батыс Қазақстан облыстарындағы 220 кВ ӘЖ жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды (нысанның координаттары 47°10’49.01»С 51°51’42.38»В).

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы - «Каспий Құбыр Консорциумы-К» АҚ ҚР, Атырау қ., Әбілқайыр хан даңғылы, 92В, «Гранд Азия» БО. +7-7122-76-15-00, +7-771-121-38-55.

e-mail: Almagul.Sarniyazova@cpcpipe.ru, Meiramgul.Karagoishieva@cpcpipe.ru.

БСН: 970340000427.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші – ТОО «АСПМК-519», +77058329799, ecologist@aspmk.kz , БИН 001040002533.

Жобалық құжаттама пакетімен ескертулер мен ұсыныстар беру үшін https://ndbecology.gov.kz «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтынан танысуға болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

1. Жобаның атауы: «08.11.2022ж. №5127-УВС келісімшартына сәйкес Атырау облысының Жайық учаскесінде көмірсутектерді іздеу бойынша барлау жұмыстарының жобасына қосымша» ықтимал әсерлер туралы есеп

2. Ықпал ету аумағы: Учаске аумағының географиялық координаттары 47°29’00″с.е.51°00′00″ш.б.;47°44’00″с.е.51°00′00″ш.б.;47°44′00″с.е.51°34′00″ш.б.;47°42′00″с.е.51°34′00″ш.б.;47°42′00″с.е.51°35′00″ш.б.;47°34′00″с.ш51°35′00″ш.б.;47°34′00″с.е.51°36′00″ш.б.;47°33′00″с.е.51°36′00″ш.б.;47°33′00″с.е.51°38′00″ш.б.;47°31′00″с.е.51°38′00″ш.б.; 47°31′00″с.е.51°40′00″ш.б.;47°29′00″с.е.51°40′00″ш.б. Жобалау жұмыстары Атырау облысы, Махамбет ауданы аумағында жүргізілетін болады (47°40′00″с.е. 51°35′00″ш.б.).

3. Қоғамдық тыңдаулар: 2026 жылы 2 сәуірде сағат 10:00-де Атырау облысы, Махамбет ауданы, Бақсай а. о., Таңдай А., М. Есенбаев, 15 ғимарат мекен-жайы бойынша ашық жиналыстар түрінде өтеді.

Интернеттегі байланыс сілтемесі:

https://us06web.zoom.us/j/82648768549?pwd=u4DhzKecZLmNxWCkEJXbGLtilaaCmj.1

Конференция идентификаторы: 826 4876 8549

Кіру коды: 750534

4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «TUMAR i-Energy» ЖШС, БСН: 190740012937, Қызылорда қ., Асқар Тоқмағамбетов к. 23, 9 пәтер. Байланыс үшін: тел.: 8-775-666-5551. Эл. почта: v.shin@kzpg.kz

5. Әзірлеуші: «Timal Consulting Group» ЖШС, БСН: 080440002381. Өкілі: Төлеуішова Гүлнар. Байланыс үшін: тел.: +7(7122)30-45-55, ішкі 219, ұялы: +7 771 080 4659, e-mail: Toleuishova.G@timal.kz

6. Жоба материалдары сайтта орналастырылған: https://ndbecology.gov.kz/ және https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat

7. Қоғамдық тыңдауда қарастырылатын құжаттар бойынша ескертулер мен ұсыныстар жазбаша және электронды түрде мына мекен-жайлар бойынша қабылданады: «Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, тел: +7-(7122)-35-45-59, электрондық мекен-жай: atr.priroda@atyrau.gov.kz,https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat, https://ndbecology.gov.kz/

8. Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты Атырау қаласы, ш/а, мекен-жайы мен нөмірі бойынша білуге болады: Нұрсая, Елорда даңғылы, 33-құрылым. Тел.: 8 (7122) 30-45-55, ішкі 219, e-mail: Toleuishova.G@timal.kz

---

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитеті төрағасының
2026 жылғы 30 қаңтардағы
№5 бұйрығына
3-қосымша

«Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауын ұйымдастыру және өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. «Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру және өткізу ережесі (бұдан әрі – Ереже)

Байқауға қатысу және жүлдегерлерді анықтау тәртібін белгілейді.

2. Байқаудың мақсаты – бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тілді танымал ету және мемлекеттік тіл саясатын насихаттау.

Байқау өткізудің міндеттері:

1) мемлекеттік тіл мәселесіне қоғамның назарын аудару;

2) мемлекеттік тілдің өзекті мәселелері туралы бұқаралық ақпарат құралдарында (мерзімді баспасөз басылымы, теле-, радиоарна, интернет-басылым) және интернет-ресурстарда жарияланған мақалалар, теле-,

радиобағдарламаларды жұртшылық арасында ілгерілету;

3) қазақ тіліндегі контенттің үлесін арттыру және мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі

3. Байқаудың ұйымдастырушысы – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті (бұдан әрі – Комитет).

4. Байқауды өткізу туралы хабарландыру 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Комитеттің интернет-ресурсына орналастырылады.

5. Байқауға қатысу үшін Ереженің 9-тармағында көрсетілген екі номинацияның біреуі бойынша өтінім (қол қойылған, сканерленген) g.kokina@sci.gov.kz электронды поштасына «Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауына» деген белгімен 2026 жылғы 1 шілде сағат 24.00-ге дейін мынадай құжаттармен бірге жолдануы тиіс:

1) осы Ереженің қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған өтінім;

2) 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап 2026 жылғы 1 шілдеге дейін бұқаралық ақпарат құралдарында (мерзімді баспасөз басылымы, теле-, радиоарна, интернет-басылым) және интернет-ресурстарда жарияланған мақалалар (2 мақала), теле-, радиобағдарламалар (1 бағдарлама);

3) жарияланған мақалалардың «Word» форматындағы электрондық нұсқалары, скриншоттары (мерзімді баспасөз басылымы, интернет-басылым, интернет-ресурстар), теле-, радиобағдарламалардың жазбасы.

6. Ереженің 5-тармағында көрсетілген мерзімнен кейін Байқауға қатысу үшін ұсынылған өтінім қабылданбайды.

7. Байқауға ұсынылған материалдар кері қайтарылмайды және Ереженің 5, 8-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін жағдайда қараусыз қалдырылады.

8. Байқау материалдарын бағалау өлшемшарттары:

1) тақырыпқа сәйкестік;

2) қамтылған ақпараттың өзектілігі, нақтылығы мен шынайылығы;

3) мәселені талдау тереңдігі;

4) материалды жеткізу шеберлігі.

9. Байқау екі номинациядан тұрады:

1) «Үздік мақала»;

2) «Үздік теле/ радиобағдарлама».

10. Байқауға қатысушылардың жұмысын бағалау және жүлдегерлерді анықтау үшін қазылар алқасы құрылады.

11. Қазылар алқасы құрамына кемінде бес адамнан тұратын тіл мен әдебиет, журналистика салаларының білікті мамандары, ғалымдар кіреді. Қазылар алқасының төрағасы ретінде алдыңғы 3 жылда сайланған тұлғалар тартыла алмайды.

12. Қазылар алқасының мүшелері Байқауға қатысушылардан түскен материалдар негізінде ашық дауыс беру арқылы Байқаудың екі номинациясы бойынша жүлдегерлерді анықтайды.

Қазылар алқасы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

13. Қазылар алқасының шешімі хаттама түрінде ресімделеді және оған қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды.

3. Байқауға қатысу тәртібі

14. Байқауға кәсіби журналистер, телевизия және радио, газет, сайт ұжымдары, сондай-ақ осы Ереженің талаптарына сәйкес мемлекеттік тілдің өзекті мәселелері жөнінде мақалалар жариялаған Қазақстан Республикасының басқа да азаматтары қатыса алады.

15. Байқауға соңғы 3 жылда бірінші орын алған жүлдегерлер қатыстырылмайды.

16. Байқауға қатысушылардан отандық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту және оның қоғамдағы рөлін арттыру жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі материалдар қабылданады. Материалдар аналитикалық талдаулар, проблемалар мен олардың шешу жолдарына негізделуі қажет. Материалдарда қазақ тілінің қолданысын кеңейтудің және оның қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданудың тиімді жолдары көрсетілуі тиіс.

17. Үміткерлердің Байқауға ұсынған материалдары олардың кәсіби біліктіліктерін, мультимедиалық сторителлинг және заманауи медиа мүмкіндіктерін, қазақ тілін үйретудің заманауи моделін көпшілікке аша алуы қажет. Материалдарды бағалау барысында авторлардың заманауи біліктіліктері, оның ішінде дата-журналистік қабілеттері де ескеріледі.

18. Байқауға қатысушы коммуникативтік ресурстарды орынды қолданып, заманауи медиатехнологияларды дәстүрлі журналистика құралдарымен кіріктіре отырып, мемлекеттік тіл саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау, сол арқылы қазақ тілінің қызметі, даму жолдары мен тіл саясатының түрлі қырларын, өзекті мәселелерін сапалы, сенімді және нәтижелі түрде баяндауы қажет.

19. Байқауға қатысушылардың қазақтілді контентті қарқынды дамытудың заманауи жолдары мен инновациялық шешімдерін көрсете білуі ескеріледі. Әлеуметтік ортада, мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің нық орнығып, еркін қолданылуында кездесетін кедергілерді айқындай отырып, негізгі шешімдер ұсыну шеберліктеріне мән беріледі.

4. Байқау қорытындысы туралы

20. Байқау жүлдегерлері арнайы дипломдар, алғысхаттар және жоспарланған жүлде қоры мөлшерінде қаржылай сыйлықтармен марапатталады.

21. Байқаудың жүлдегерлері туралы ақпарат Байқау аяқталғаннан кейінгі 3 жұмыс күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Комитетінің интернет-ресурсына орналастырылады.

Байланыс телефондары: (87172) 74-01-35, 74-09-85.

«Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық
байқауын ұйымдастыру және өткізу ережесіне
қосымша
нысан

«Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық
байқауына қатысуға
өтінім

Тегі, аты, әкесінің аты_____
Жасы _____
Білімі_____
Қызметі (міндетті түрде БАҚ атауын, лауазымын көрсету
қажет)_____
Мекенжайы_____
Байланыс телефоны (WhatsApp нөмірі)_____
Электронды пошта _____
Мақала, теле-, радиобағдарлама, БАҚ атауы, жарияланған күні:
1) _____
2) _____
Қосымша ақпарат _____
Қолы
Күні

«Сарыарқа» заңгерлік кеңесшілер құқықтық орталығы» ҚБ жүргізетін тегін заңгерлік кеңес қызметі туралы халыққа арналған ақпарат

Қазақстан Республикасының халқы үшін тегін заңгерлік консультациялар.

«Сарыарқа» заңгерлік консультанттардың құқықтық орталығы» қоғамдық бірлестігі Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінің тұрғындарына тұрақты негізде тегін заңгерлік кеңес қызметтерін көрсетеді.

Қызмет 2014 жылдан бері жүзеге асырылып келеді, ал 2018 жылдан бастап қоғамдық бірлестік аясында жұмыс істейді.

Қызметіміздің негізгі мақсаты — әлеуметтік осал топтарға жататын халыққа, қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтарға, сондай-ақ құқықтық қолдауға мұқтаж барлық тұлғаларға тегін құқықтық көмек көрсету.

Кеңес беру қызметтері тегін негізде, соның ішінде әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді пайдалану арқылы қашықтан да көрсетіледі.

Тегін заңгерлік консультациялар көрсету жөніндегі қызметтің мерейтойлық кезеңіне байланысты қоғамдық бірлестік ақпараттық сүйемелдеумен құқықтық-ағартушылық іс-шараларды өткізуді және Қазақстан Республикасында тегін заңгерлік көмектің дамуына арналған естелік төсбелгілерді таратуды жалғастыруда.

Іс-шаралар тек әлеуметтік және қоғамдық пайдалы сипатқа ие, коммерциялық емес болып табылады және халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған.

Тегін кеңес алу үшін байланыс нөмірі:

WhatsApp: +7 701 870 98 89

«ҚазТрансОйл» АҚ «ҚазТрансОйл» АҚ ҚМКБ Технологиялық көлік және арнайы техника цехының ҚОҚ бөлімі бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ (https://ndbecology.gov.kz/) «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде, 2026 жылдың 5 наурызы мен 12 наурыз аралығында қолжетімді болады. Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. Тапсырыс беруші – «ҚазТрансОйл» АҚ, Тұран даңғылы; e-mail: e.polosina@kaztransoil.kz, тел.: 8 (7172) 79-16-72.